Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	**№5 1. Ояну** **Оянайық балалар** **Маған тезірек қарандар** **Шапалақты ұрайық** **Орнымыздан тұрайық.** Картотека қосымша тігілген	**№6 1. Ояну** **Балалар тұрайық** **Көзімізді ашайық** **Қолымызды созып** **Шынығып бір алайық.** Картотека қосымша тігілген	**№7 1. Ояну** **Балапандар тұрайық** **Көзімізді ашайық** **Жан-жаққа біз қарайық** **Бір күлімдеп алайық.** Картотека қосымша тігілген	**№8 1. Ояту** **Ұйқыдан біз тұрамыз** **Көзімізді ашамыз** **Жан-жағымызға қарайық** **Төсектен біз тарайық** Картотека қосымша тігілген	**№9 1. Ояту** **Ұйқыдан біз тұрайық** **Көзімізді ашайық** **Анда- мында созылып** **Тарқасайық, тұрайық** Картотека қосымша тігілген
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				

Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму карта-сына сәйкес жеке жұмыс	**Картотека №6 «Пейзажды құрастыр»** **Мақсаты:** Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту Ол үшін дидактикалық ойынды қолдану ыңғайлы.	**Вариативтік бөлім Тақырыбы: «Жабайы аңдар»** **Мақсаты:** Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; аңдарды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.	**Картотека №1 «Таңғажайып алақан»** **Мақсаты:** қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту.	**Вариативтік бөлім Тақырыбы: «Өз бетінше жұмыс»** **Мақсаты:** Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.	**Картотека №16 «Керемет орман»** **Ойынның мақсаты:** балаларды өз қиялында олардың схемалық бейнелеуіне сүйене отырып, жағдай жасауға үйрету. **Вариативтік бөлім О.М.Ж.Б**
	ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН				
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Картотека № 20 Боранды бақылау.** **Мақсаты:** Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.	**Картотека № 19 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.** **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.	**Картотека № 17 Адамдардың қысқы киімін бақылау.** **Мақсаты:** Қысқы киім үлгісімен таныстыру. Атауларын дұрыс айтуға үйрету.	**Картотека № 12 Бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.	**Картотека № 10 Бақылау: Мұзды бақылау.** **Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатынды-ғы жөнінде түсінік беру.
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балаларды ң үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	Балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.	Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру

ЦИКЛОГРАММА
III апта Қаңтар 2022ж
Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобы

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»
Тақырыпша. «Құстар-біздің досымыз»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 17.01.22**	**Сейсенбі 18.01.22**	**Сәрсенбі 19.01.22**	**Бейсенбі 20.01.22**	**Жұма 21.01.22**
Балалардықабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу	Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Денсаулығына, тазалығына назар аудару. Ата-анамен баланың үйдегі денсаулығы жайында әңгіме жүргізу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 25** **«Дұрыс көрсет, ажырат»** **Мақсаты:** Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың атауларын меңгерту.	**Картотека №9** **«Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.	**«Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты**: балаларды әр түрлі мамандықпен тан-ыстыру. Еңбекті құр-меттеуге дағдыландыру өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.	**Картотека №8** **«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.	**Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру
	Әлеумет саласы картотекасы. (картотека қосымша тігілген)				
Таңертеңгі гимнастика	**Қаңтар айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.** **Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз. **Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су,** **Мөлдір суға қолыңды жу.** **Жуынсаңсаң сен әрдайым,** **Таза бетің, маңдайың.**				

Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. **Шаттық шеңбері:** Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін.				
	Алақаным арқылы Жылуымды беремін.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Қыстап қалатын құстар»** **Мақсаты:** Балаларға қыстап қалатын құстар жайында түсінік беру. Олардың тіршілігі туралы ұғымдарын бекіту. Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін түсіндіру. **І.ҰОҚ өтілу барысы** **Шаттық шеңбері.** «Сәлем дейміз бәріне» Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға. **ІІ. Ой дамыту** **Мнемотехника әдісі бойынша құстарға сипаттама беру.** **1. Құстар туралы түсінік беру.** **ІІІ. Ғажайып сәт.** **Қызықты қорапша.** Қорапшадан әр түрлі қалташа шығу, әр қалташадағы тапсырманы орындау. Қалташа арқылы балаларды топқа бөлу	**1.Денешынықтыру** «Жүру барысында жұптасып,,қата сапқа тұру» Балаларды кедергілерден өтіп жаяу және жүгіруге жаттықтыру; 2 минутқа дейін үздіксіз жүгіру; бадминтонға үйрету; допты аяқтарымен (футбол элементтері) бір-біріне беру кезінде жаттығу; секіру жаттығуын қайталау. Ойын жаттығулары. «Бір-біріне өтіңіз». Педагог ер балаларды жұп құруға, бір-бірден допты алуға және оны бір-біріне бере отырып, жаттығуды орындауға шақырады (оң және сол аяқтарымен кезекпен беру, балалар арасындағы қашықтық 3 м). «Шаттулканы ұр».Қыздар педагогтың басшылығымен оқиды. Олар сондай-ақ жұптарға бөлінеді. Әрқайсысының қолында ракетка, екіншісінде шелект бар. Педагог шаттлэкті қалай лақтыруды, ракеткамен соғуды, оны досына қарай бағыттауды көрсетеді. Ол серіктеске ракеткамен	**1.Денешынықтыру.** «Жүру барысында жұптасып,,қата сапқа тұру» Балаларды кедергілерден өтіп жаяу және жүгіруге жаттықтыру; 2 минутқа дейін үздіксіз жүгіру; бадминтонға үйрету; допты аяқтарымен (футбол элементтері) бір-біріне беру кезінде жаттығу; секіру жаттығуын қайталау. Ойын жаттығулары. «Бір-біріне өтіңіз». Педагог ер балаларды жұп құруға, бір-бірден допты алуға және оны бір-біріне бере отырып, жаттығуды орындауға шақырады (оң және сол аяқтарымен кезекпен беру, балалар арасындағы қашықтық 3 м). «Шаттулканы ұр».Қыздар педагогтың басшылығымен оқиды. Олар сондай-ақ жұптарға бөлінеді.	**1.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** Ұ ұ дыбысы және әрпі. **Мақсаты:** Ұ дыбысы және әрпімен таныстыру, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. **Сабақтың әдісі - тәсілі:** ой қозғау, сұрақ - жауап, түсіндіру. **Көрнекіліктері:** суреттер, кеспе әріптер, ойыншықтар, буындар, слайд. **ҰОҚ өтілу барысы:** **І. Психологиялық дайындық:** Сәлем деймін күнге мен, Сәлем деймін мен саған. Сәлем деймін апайға, Қонақтарға мың сәлем. **ІІ. Өткен ұоқ пысықтау.** - Қане, балалар біз өткен сабақты қандай дыбыспен таныстық: Ж дыбысымен **ІІІ. Қызығушылықты ояту.** **АҚТ технологиясымен жұмыс.** «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің қонаққа	**1Денешынықтыру** «Жүру барысында жұптасып,,қата сапқа тұру» Балаларды кедергілерден өтіп жаяу және жүгіруге жаттықтыру; 2 минутқа дейін үздіксіз жүгіру; бадминтонға үйрету; допты аяқтарымен (футбол элементтері) бір-біріне беру кезінде жаттығу; секіру жаттығуын қайталау. Ойын жаттығулары. «Бір-біріне өтіңіз». Педагог ер балаларды жұп құруға, бір-бірден допты алуға және оны бір-біріне бере отырып, жаттығуды орындауға шақырады (оң және сол аяқтарымен кезекпен беру, балалар арасындағы қашықтық 3 м). «Шаттулканы ұр».Қыздар педагогтың басшылығымен оқиды. Олар сондай-ақ жұптарға бөлінеді.

	1-топ Сары қалташа **Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр»** **Сұрақтар:** -Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы) -Құстардың бір –бірінен айырмашылығы неде? (әр түрлі дауыстайды) - Құстардың қандай пайдасы бар?(ағаштарды зиянкестер-ден қорғайды. **2-топ қызыл қалташа** **Қыстайтын құстарды ата?** Оларға қандай қамқорлық жасау керек? -Неліктен оларға қыста тамақ тауып жеу қиын болады? **Сергіту жаттығуы.** Орнымыздан тұрайық Қолымызды созайық, Құсқа ұя жасайық Алдына жем шашайық. Орнымыздан тұрайық Қане, қанат қағайық. **3- топ Жасыл қалташа** **Құс туралы тиым сөз айт?** -Құстардың ұясын бұзба. -Құсты атпа, өлтіруге болмайды. -Құстың жұмыртқасын жарма. **Сылдырмақ үні .**	шаттлетті соғуы керек Ең бастысы, шаттлэк жерге мүмкіндігінше сирек түседі. Содан кейін педагог бұйрық береді, ал балалар рөлдерін өзгертеді. **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы: Ж ж дыбысы және әрпі** **Мақсаты:** Ж дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру.Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. **Ресурстар:** кеспе әріптер, суреттер, әріптің баспа және жазба үлгісі. **Әдісі:**түсіндіру әдісі, сұрақ-жауап. **ҰОҚ өтілуибарысы:** **І. Психологиялық дайындық** «Қайырлы күн» деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз. **ІІ. Өткен ұоқ пысықтау. Сұрақ -жауап** **ІІІ. Қызығушылықты ояту** үнтаспадан араның дыбысталуын тыңдату. Ненің дыбысын естідіңдер? Ал , балалар, ара сияқты дыбыстайықшы . – Ж Ж Ж Олай болса, бүгінгі танысатын жаңа дыбысымыз Ж ж	Әрқайсысының қолында ракетка, екіншісінде шелект бар. Педагог шаттлэкті қалай лақтыруды, ракеткамен соғуды, оны досына қарай бағыттауды көрсетеді. Ол серіктеске ракеткамен шаттлетті соғуы керек Ең бастысы, шаттлэк жерге мүмкіндігінше сирек түседі. Содан кейін педагог бұйрық береді, ал балалар рөлдерін өзгертеді. **2. Математика негіздері.** **Тақырыбы:**Уақытты бағдарлау.(апта күндері, ай аттары) **Мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. Уақытты бағдарлауды (апта күндері, ай аттарын) жетілдіру. **Әдіс - тәсілдер:** сұрақ - жауап, ғажайып сәт,хат,сергіту сәті. **Көрнекіліктер:** Акт уақытты бағдарлау, дәптер,1-7 дейін сандар І.**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**	келуі. –Әр кейіпкердің тапсырмасын орындау. **4.Ой қозғау.** **Бауырсақтың тапсырмасы** **Құрлымддалған ойын: «Ең, алғыр бала»** Шарты: тапсырманы дұрыс орындасақ, әдемі бір гүлдің бейнесін құрап шыға-сыдар. Гүлдің әр күлтеше-сінің астында суреттер берілген, сол суреттер-дің атауын атап, буынға бөліп күлтешені өз орнына орналастырасыңдар. Беріл-ген тапсырманы дұрыс, әрі қатесіз орындасаңдар гүлдің бейнесін құрайсыңдар. **5. Мағынаны тану.** **Жаңа тақырып:** **Жұмбақ** Ұя, ұлу, ұшақтың Басын бастап беремін. Құс, жұмыртқа, бұтақтың, Ортасында келемін. **(Ұя)** **«Ұұ дыбысы мен әрпі»** - Ээлектронды оқулықтан берілетін бейне сюжетті қарау.. - Міне, балалар сендер Ұ дыбысы туралы тамаша бір бейне сюжетке куә болдың-дар. – Сонымен балалар, Ұ дыбысы қандай	Әрқайсысының қолында ракетка, екіншісінде шелект бар. Педагог шаттлэкті қалай лақтыруды, ракеткамен соғуды, оны досына қарай бағыттауды көрсетеді. Ол серіктеске ракеткамен шаттлетті соғуы керек Ең бастысы, шаттлэк жерге мүмкіндігінше сирек түседі. Содан кейін педагог бұйрық береді, ал балалар рөлдерін өзгертеді. **3.Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Құстарды мүсіндеу **Мақсаты:** Ермексаздан құстардың дене құрылысын бөлшек-теп(сопақша,цилиндр), көлемдеуді үйрету. Құстар туралы білімдерін кеңейту. **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, топпен жұмыс, үйрету. «Құстар дауысы» слайд, **Ресурстар:** Ермексаз, кескіш пышақша, төсеніш,қол сүрткіш. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер

	Балаларды шеңберге шақыру. **«Құстарға қамқорлық» тақпақты бірге айту.** Жылы жаққа ұшпайтын, Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта Жем шашуды ұмытпа. **Қортынды** Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Құстың ұясы **Мақсаты:**Құстар және олардың түрлерімен таныс тыруды жалғас тыру. Құстың уялары туралы түсінік беру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздар, қайшы,желім, үлгі ұя, үнтаспа, құстардың суреттері **Оқу қызметінің барысы:** **Ұйымдастыру.** - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Қыста ауа–райы қандай болады? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Кім қыс айларын атап береді? **Үнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату.** Балалар, бұл ненің даусы деп ойлайсыңдар? Құстың даусы	дыбысы мен әрпі. Ж дыбысын бәріміз хормен айтайық. Созып айтуға келе ме? (жоқ) Ендеше бұл қандай дыбыс? (дауыссыз) Ж дыбысының баспа және жазбаша түрімен танысайық! **ІІІ. Ой қозғау** Балалар таяқшалардан Ж әрпін құрастырады. Ж ж дыбысының таңбасы қандай жәндіккке ұқсайды?(көбелекке) « Көбелектер неге гүлге қонады?» Балаларды жауабы тыңдалады. **IV. Ой қозғау.** «Үш көбелек» ертегісін түсіндіру. Ертегі барысында көбелектер әр түрлі кедергілерге ұшырайды. Сол кедергілерден өту үшін әр түрлі тапсырмаларды орындау қажет.. **Лала гүлі Педагог жетекшілігмен ойын: «Мені тауып көр» слайд** суреттегі заттардың атауларын атап, ж дыбысынан басталатын және ж дыбысы ортасында, аяғында кездесетін заттарды атайды. Бұл тапсырмадан ж дыбысының сөз басында , ортасында, аяғында келетіндігін түсіндіру. **Қызыл қызғалдақ . Педагог жетекшілігмен ойын:**	-Қазір жылдың қай мерзімі? - Қандай ай? - Бүгін аптаның қай күні? **ІІ.Ғажайып сәт.** Білім ханшайымынан хат келеді. Хат мазмұнын оқып беру. -Балалар сіздер білім ханшайымның хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма? **ІІІ.Ой қозғау.** **1 - тапсырма.** Жұмбақ жасыру **«Бұл қай кезде болады»** Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)** Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. (**Күндіз)** Біз тәртіпті баламыз Сабақты да оқимыз Серуенге шығамыз, қыдырамыз Бұл қай кез? **(Түс)** Ұйқыдан тұрып,беті-қолды жуып Төсекті жинап тазалықты	дыбыс екен? дауысты дыбыс Ұ дыбысына байланысты тапсырмаларды орындау. **5.1.Қоянның тапсырмасы.** Қай дыбыстан басталады? Бұл ойынның шарты берілген суреттерге қарай отырып, әріптер арқылы суретті сызу. **5.2. Аюдың тапсырмасы** Сергіту сәтін жасаңдар. **Ойын. «Орамал тастамақ»** Орамалды алған бала Ұ дыбысы бар сөз айтады, ал келесі бала ол сөзден сөйлем құрайды. **5.3. Қасқырдың тапсырмасы** **«Балықшы» ойыны.** **Шарты:** балалар аквариумнен магниттік кубиктерді қармақпен аулап алады да кубиктегі қандай әріп қандай дыбыс екенін тауып, сол әріпке сөйлем құрап әңгімелеу қажет. **5.4. Ой толғаныс.** **Түлкінің тапсырмасы:** **Ой толғаныс.** «Сөз ойла,тез ойла.» Сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыру, дыбыстық талдау жасау. **П/Ж ойын. «Әріптер сөйлейді»**	Армысың көк аспан, Армысың достарым. Міне менің қолым бос Жылуыма жылу қос **Қызығушылықты ояту. Ертегі оқу.** **«Аққу мен үйрек»** Ертеде бір үйрек көлге барыпты. Барса су бетін-де бір бейтаныс құс жүзіп жүріпті. Бұрын көрмеген құстың ұзын мойнына қарап, үйрек қатты таңырқайды. Сосын оған жақындап барып: - Сәлем , достым! – дейді. - Сәлем! –дейді бейтаныс құс. -Сен қандай құссың дейді? -Мен аққумын. -Сен де суда жүзе аласың ба? -Иә, жүзем.Қорегімді судан айырам. -Сенің мойның жіп-жіңішке екен.Денеңе мүлдем жараспай тұр.Мойын мына менікіндей болу керек қой, жуан діңгектей,- дейді үйрек мақтанып . Аққу болса , үйректің бұл қылығына жымиып күледі де,үндемей жүзе береді. Бір кезде үйрек:

	Қандай құстарды білесіңдер? Балалардың жауабы. Құстар қайда мекендейді? Ұяда. **«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру.** Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою Балалар ойнап жүріп нені көрді? Ұяда не бар екен? Балалар не істеді? Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды? Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті? Балалардың жасағаны дұрыс па? Балалар не істеу керек еді? Балалардың жауаптары **Сергіту сәті:** «ұшты-ұшты» **Видеоролик көру.** Біз құстарға қандай қамқорлық жасаймыз? Балалардың жауаптары. **Құрлымдалған ойын: «Ұя жсаймыз»** **Шарты: Геометриялық пішіндерден ұя құрастыру.** **Қорытынды:** Бүгін біз не туралы айттық? Құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?	**«Қай буын артық?» слайд** Бұл тапсырмада бірнеше буындар беріледі. Сол буындардан сөз құрайды. Артық буынды айтады. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды. - жы - нал - лан - дыз -жұл - зыл **Сары раушан.Құрлымдалған ойын: «Гүл құрастыру» слайд** Тақтаға бірнеше суреттер ілінеді.Сол суреттегі заттың атын атап, сөйлем құрастыруы керек. Әр сөйлемде неше сөз барын анықтау. **Күн. П/Ж ойын:« Кім тапқыр?» ойыны.** **Жұмбақтар шешу слайд** Күндіз бәрі қашады, Түнде аспанды басады**.(жұлдыз)** Ішіне тамақ салынған, Есігі тастай жабылған**.(жұмыртқа)** Жерден шығар көгеріп, Беліне қылыш байланып**.(жүгері)** **Релаксация.** Күн жылуын беріп көбелектердің қанаттарын кептіреді. Қуанған көбелектер гүлден гүлге ұшып-қонып билейді. Бұл ертегіден көбелектердің айырылмас достығын көрдік.Достық	сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын Бұл қай кез? **(Бесін)** · Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз Бұл қай кез? **(Кеш)** Үйге келіп кино көріп Ойыншықтарды жинастырып Беті-қолды жуып, тісімді тазартып Ұйықтауға жатамын Бұл қай кез? **(Түн)** **Балаларға уақыт туралы түсінік беру.** **АКТ көрсету.** **2 - тапсырма.** « Аптада неше күн бар?» 1-7 дейін сандар **Сергіту сәті:** Таңертең – оянамыз, жуынамыз, Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз. Күндіз – ойнаймыз секіреміз. Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз. Түнде - ұйықтаймыз. **3-тапсырма:** **«Кідірмей,жылдам жауап бер» ойыны** -Жылдың қай мезгілі? -Тәуліктің қандай бөлігі? -Бір қолымызда неше саусақ бар?	**Ойынның шарты:** Бала өз әрпіне сөз ойлап айтады. **IV. Қорытынды**. Сұрақ-жауап әдісімен: Біз бүгін қандай дыбыспен таныстық? Ұ дыбысы қандай дыбыс екен? Балаларды мадақтау. **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Орман дәрігері.Ертегі. **Мақсаты:** Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.** **І.Шаттық шеңбері.** **«Кел,балалар күлейік»** **Ө.Тұрманжанов.** Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! **ІІ.Қызығушылықты ояту.** **Жұмбақ жасыру.** Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі. Көрік берген далама,	-Аққу қарашы,мен суда қалай жүземін,-деп, масаттана жүзіп бара жатқанда,қамыс арасынан бір аңшы шыға келіп,мылтығын кезейді.Мұны көрген аққу бар екпінімен аңшыға қарай ұша жөнеледі. Аққудың өзіне қарай ұшып келе жатқанын көрген аңшы не істерін білмей тұрғанда,аққу оның мылтығын қанатымен қағып,суға түсіріп жібереді. Аспанға көтерілген ол бір айналып,қайта келіп көлге қонады.Амалы құрыған аңшы судан мылтығын алып,кетіп қалады. -Әрқайсысымыз бұл құстарды өзімізше елестетіп, қазір сендермен бірге оны ермексаздан жасап көрейік . **Өзіндік жұмыс.** **2.Кесте бойынша құстардың дене бөлшектерін көрсету.** 1) денесі (үлкен сопақша) 2) мойны (цилиндр) 3) басы (кіші шар) 4) тұмсығы (конус)

	Құстардың қандай пайдасы бар? Балаларды мадақтау. **3.Музыка** **Педагог жоспары бойынша** **4. Қоршаған орта** **Тақырыбы:** «Құстар біздің досымыз» **Мақсаты:**Құстар тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын бекіту **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** **Шаттық шеңбер** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жайнай түсті гүліміз. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? **Миға шабул** Жұмбақ жасыру. Барлық жемін бітеудей асайды, Әйтсе де ұзақ жасайды. Бұл нелер? (Құстар) **Ой дамыту.** Мнемотехника құстар.	тақырыбында қандай мақал-мәтелдер білесіңдер? 1.Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. 2.Досыңа өтірік айтпа. **V Қорытындылау.** **Балаларды мадақтау.** **1. Жапсыру.** **Тақырыбы: «Балапан»** **Мақсаты:** Балаларға балапанның түсін, дене құрлысын түсіндіру. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу **I.ҰОҚ өтілу барысы** Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! **II.Қызығушылықты ояту.** Шықырлаған дауыс естіледі. -Үлкен жұмыртқаның ішінен балапан шығады. **III.Ой қозғау** -Балалар бұл не екен? -Балапан қандай құс? -Балапанның мамығы жұмсақ па әлде қатты ма? -Ол қайда өмір сүреді? -Кәне балалар балапанмен амандасайықшы? -Сәлеметсің бе, балапан! -Балапан сен қайдан жүрсің? Мен өзімнің бауырларымнан адасып, ұйықтап қалыппын.	-Аспанда қанша күн бар? -Иттің неше көзі бар? Аспанда қанша жұлдыз бар? **4 - тапсырма.** **Санамақтар айту.** Бір - дегенім бесік, Шықтық содан өсіп. Екі – дегенім елім, Далам, тауым, көгім. Үш – дегенім үміт, Үміт артар жігіт. Төрт – дегенім төзім, Төзе білем өзім. Бес – дегенім бақыт, Бағалайтын уақыт. Балаларға қайталату. **4.Қортындылау.** -Балалар кімнен хат келді? Балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар. Енді білім ханшайымына хат жазайық. Балалардың жауаптары. Хатты Білім ханшайымына беріп жіберу. **Балаларды мадақтау.** **3.Музыка** **Педагог жоспары бойынша**	Білер оны бар бала. **(Ағаштар)** **Сұрақ – жауап.** **1. Ой қозғау.** Ағаштар және орман туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. -Қазір қандай мезгіл? -Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр? -Ағаштар бізге не үшін қажет? -Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? -Неге ну орман дейміз? **2. Ой дамыту.** -Ертегіні мәнерлеп оқу. -Ертегі желісін түсіндіру. -Терек қандай ағаш? -Неліктен ауырды? -Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді? -Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру. **Сөздік жұмыс:** Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады. Сергіту сәті. «Қазым, қазым қаңқылда» **3. Миға шабуыл.** -Ертегі желісінен сұрақ – жауап. Қортынды **Викториналық сұрақтар:** Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . (Әтеш)	5) қанаты (жайылған сопақша) Бөлшектер домалақтау әдісімен жасалады. Дене бөлшектерін бір-біріне бекітіп,саусағымызбен жағып жазамыз. Балаларды топқа бөлу. 1-топ. Аққуды мүсіндеу 2-топ Үйректі мүсіндеу «Қауіпсіздік ережелерін» ермексазбен, пышақшамен жұмыс істегенде еске түсірейік. **Ү. Жұмыстарды талдау,көрме ұйымдастыру.** Оқушылар өздерінің жұмыстарын бір-бірімен саралап баға береді. Жақсы қатысқан балаларды мадақтау. **Қорытындылау.** - Сендерге ертегі ұнады ма? -Құстардың қандай пайдасын білесіңдер? -Бүгінгі сабақта не үйрендік, не білдік?

	Балаларға құстар жайлы әңгімелету. **Топқа бөлу.** Балалар суреттерді алып топтарға бөлінеді. 1-топ: Қарлығаш 2- топ: Аққу 3-топ : Бұлбұл **«Миға шабуыл»** Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою. 1-топқа Қандай құстарды білесіңдер? Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма? 2-топқа Құстардың қандай пайдасы бар? Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар? 3-топқа Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді? Балаларды мадақтау. **АКТ технологиясы.** **Слайд.**Қыстап қалатын құстар: торғай, сауысқан, көгершін,қарға туралы түсінік беру. **«Топтастыру стратегниясы** Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру. **Сергіту сәті.** Қарлығаш боп ұшайық, Торғай болып қонайық, Сауысқан боп секіріп, Бүркіт болып самғайық.	Енді бауырларымды іздеп табуым керек. -Сендер маған көмектесесіңдер ме? -Жарайды балапан, онда сенің бауырларыңды мына жақтан тауып көрейік. **4. Үлгіні талдау.** **Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету түсіндіру.** Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу Альбом бетіндегі дайын бейненің үстіне балапанның барлық бөлшектерін жапсыруға дайындау. -Бірінші-денесін жапсыру. -Екінші-басын жапсырту. -Үшінші-қанаттарын жапсыру. -Ең соңында көздерін,тұмсығын, аяқтарын жапсыру -Балапан дайын болды. **Педагог жетекшілігмен ойын: «Біздің көрме»** Жұмыртқадан шыққан балапанмен бірге бәрін тақтаға ілу. Балалардың жұмысына баға беру. **Қортынды** Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. **4. Орыс тілі** **Педагог жоспары бойынша**	**4.Өзін өзі тану.** **Тақырыбы:** Мен көмекшімін. **Мақсаты:** «Көмек, көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу. **Әдіс тәсілдер.** Әңгімелесу, түсіндіру , сұрақ –жауап **Ұйымдастыру кезеңі.** **1.Шаттық шеңбері:** Армысың шапағатты Күн - Ана! Армысың қайырымды Аспан - Ана! Армысың мейірімді Жер - Ана! . **2. Тыныштық сәті** - Денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, көздеріңді жұмсаңдарда болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді көзімізді ашамыз. **2. Ой қозғау.** **Әңгімелесу** Көмектесу дегенді қалай түсінесіңдер?	Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш) Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек) Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін) Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек) Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт) Құстың негізгі мекені? (Ұя) Балаларды мадақтау. **3.СУРЕТ** **Тақырыбы: «**Суық торғай» **Мақсаты:** Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу. **ҰОҚ өтілу барысы** **І.Шаттық шеңбер** Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз, Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. **ІІ. Қызығушылықтарын ояту.** Үнтаспадан құстардың дыбыстарын тыңдату. **ІІІ. Ой қозғау.** Ненің дауысы?	

	Қане қанат жазайық Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. **Дидактикалық ойын.** «Құстар қалай дауыстайды?» Қарға------ қарқылдайды Сауысқан----- шақылдайды Тоқылдақ -------- тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді. **Қорытынды.** **Сұрақтар ілмегі әдісі.** Бүгін не туралы әңгімелестік? Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Мадақтау. Жұлдызша беру.		Балалардың жауаптары. **5.Ой дамыту** **«Қолғанат» әңгімесін оқып береу** Сұрақ- жауап. -Жанар анасына қандай көмек көрсеткісі келді? -Анасы Жанардың бұл ісін қалай бағалады? -Сендер ата-аналарыңа қандай көмек көрсете аласыңдар? **5.Ойын.«Топта-сып көрейік»** Шеңбер бойындағы балалар бір-бірімен төмендегі белгілері бойынша топтасады: -кімнің мысығы бар... -ақ көйлектілер... -тәттіні жақсы көретіндер... -футболды жақсы көретіндер... Бөлінген соң әр топ аналарына қалай көмектесетіндерін айтады. **6.Ғажайып сөздер** Көмектің үлкен-кішісі жоқ. Көмек көрсету жақсы қасиет. **7. Жүректен жүрекке** Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық,	Қандай құстардың дыбыстарын есітіп тұрсыңдар? Балалардың жауаптары. **3.Ой дамыту.** Құстар туралы түсінік беру -Қандай құстарды көп көресіңдер? -Қыста қалай тамақтанады? -Құстарға қамқорлық жасау деген не? Құрлымдалған ойын: **«Құстарды тамақтандырамыз»** **Тосын сәт.** Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. Көмектесеміз бе? **Торғайға көмек** Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау. **Педагог жетекшілігімен ойын: «Біздің көрме»** Балалардың жұмысын бағалау. **Қортынды.** Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	

			Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. **Қорытынды.** **Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.**		
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Қыстың табиғатының салқын болатыны туралы түсіндіру. Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу				
Серуен:	**Картотека №11** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №15** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №16** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №19** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 20** Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	**Ойын- жаттығу** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	**Ойын- жаттығу :** Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. **Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"**				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	**№5.** **Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.** Картотека қосымшы тіркелген.	**№6** **Төсекте жатып жасайтын жаттығулар** Картотека қосымшы тіркелген.	**№ №7.** **Майтабанның алдын алу.** Картотека қосымшы тіркелген.	**№8** **Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.** Картотека қосымшы тіркелген.	**№ 10.** **Төсекте жатып жасайтын жаттығулар** Мысықтар Картотека қосымшы тіркелген.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес	**Картотека №3**	**Вариативтік бөлім**	**Картотека №7**	**Вариативтік бөлім** **Тақырыбы: «Үй»**	**Вариативтік бөлім** **О.М.Ж.Б**

әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**«Жыл мезгілдері»** **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. **Таным саласы картотекасы.**	**Тақырыбы: «Қыстайтын құстар»** **Мақсаты:** Балалардын қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері туралы мәлімет беру; ой-өрісін, дүниетанымын, көру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау; құстар әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**«Нан дастарханға қалай келеді?»** **Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу.	**Мақсаты:** Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.	
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Картотека №11** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №15** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №16** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №19** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 20** Картотека қосымша тіркелген.
	ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.				
Балалар-дың үйге қайтуы	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың сұранып үйге қайтуы	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Балалардың үйге қайтуы.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту Балалардың үйге қайтуы..	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың үйге қайтуы.	Келе жатқан демалыс күндеріне үй тапсырма беру. Жапырақтардан жапсыру арқылы өзіне ұнаған затты бейнелеу.

ЦИКЛОГРАММА
IV апта қаңтар 2022ж
Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобы.

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»
Тақырыпша. «Ғажайып қыс»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 24.01.22**	**Сейсенбі 25.01.22**	**Сәрсенбі 26.01.22**	**Бейсенбі 27.01.22**	**Жұма 28.01.22**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 12** **«Телефон»** **Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту. Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы	**Картотека №2** **«Не қайда тұрады?»** **Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту Картотека қосымша тігілген. Қатынас саласы.	**Картотека №19** «Қысқы тіршілік» Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту	**Картотека № 19** **«Орнын тап»** **Мақсаты:** балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету. Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы	**Картотека №6** **«Апта күндері»** **Мақсаты:** Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы
Таңертеңгі гимнастика	**Қаңтар айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.** **Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету**				
Таңғы ас	**Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау** **Ойын- жаттығу** : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. **Сиқырлы сөз:** "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу				
	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. **Шаттық шеңбері:**				

Ойындар, ҰОҚ дайындық	Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Көңілді қыс. **Мақсаты:** Балаларға қыс мезгілі, қыста болатын табиғат құбылыстары туралы түсінік беру. Суретке әңгіме құрап, өз ойын айта білуге үйрету. Мнемо кестемен жұмыс жүргізе отырып, баланың тіл байлығын жетілдір **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:** **І. Шаттық шеңбері.** **Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»** Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. **Таңғажайып сәт.** Қар Ханшайымының сәлемдемесі. **Сиқырлы сандықша.** **Жұмбақ жасыру.** **Жұмбақтың шешуі арқылы** Сандықшаның ашылуы **ІІ. Ой дамыту** **1 тапсырма**	**1.Денешынықтыру.** «Бір саптан үш сапқа тұру,қолды алға соза сапқа тұр» Балаларды серуендеу және жүгіру кезінде бағандарда екі-екіден (жұппен) бұрылуға үйрету; құрсауға серуендеуді бүйірден қайталаңыз; тепе-теңдікті сақтау және секіру. 1.б.қ.: Негізгі тіреу, төменгі бөлігінде құрсау. 1 - құрсауды алға қарай көтеру; 2 - жоғары, тігінен; 3 - алға; 4 ——- бастапқы қалыпқа оралу, (5-6 рет). 2. б.қ.: Аяқ иық енінде, шеңбер төменде. 1 - денелерді оңға, қолдарды түзу бұру; 2 - бастапқы қалыпқа оралу Солға солға қарай (6 рет). 3. б.қ.: Тізерлеп, құрсау алдында екі қолмен шеңберді айналдыру. 1-құрсауды жоғары көтеру; 2-оңға еңкею, қолдар түзу; 3-шеңбер тікелей алға; 4— бастапқы қалыпқа оралу. Сол жаққа бірдей (8 рет). 4. б.қ.: Құрсаудағы басты тіреу, белдікке қол, құрсау еденге. 1 - отырыңыз, құрсауды бүйірден алу; 2 түзу,	**1.Денешынықтыру** «Бір саптан үш сапқа тұру,қолды алға соза сапқа тұр» Балаларды серуендеу және жүгіру кезінде бағандарда екі-екіден (жұппен) бұрылуға үйрету; құрсауға серуендеуді бүйірден қайталаңыз; тепе-теңдікті сақтау және секіру. 1.б.қ.: Негізгі тіреу, төменгі бөлігінде құрсау. 1 - құрсауды алға қарай көтеру; 2 - жоғары, тігінен; 3 - алға; 4 ——- бастапқы қалыпқа оралу, (5-6 рет). 2. б.қ.: Аяқ иық енінде, шеңбер төменде. 1 - денелерді оңға, қолдарды түзу бұру; 2 - бастапқы қалыпқа оралу Солға солға қарай (6 рет). 3. б.қ.: Тізерлеп, құрсау алдында екі қолмен шеңберді айналдыру. 1-құрсауды жоғары көтеру; 2-оңға еңкею, қолдар түзу; 3-шеңбер тікелей алға; 4— бастапқы қалыпқа оралу. Сол жаққа бірдей (8 рет).	**1.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** І і дыбысы және әрпі **Мақсаты:** Құрамында і дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, і дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. **Психологиялық дайындық:** Сәлем деймін күнге мен, Сәлем деймін мен саған. Сәлем деймін апайға, Қонақтарға мың сәлем. **«Күнді бұлттан қорғайық»** **Ойын шарты:** Өткенді қайталау мақсатында сұрақтарға жауап беру. Әр сұраққа жауап бергенде бір бұлттан алып отырамыз. **Өткен оқу қызметін пысықтау.** - Қане, балалар біз өткен оқу қызметінде қандай дыбыспен таныстық? - Дұрыс айтасыңдар! **ІІ. Ой қозғау.** **«Көбелектерді өз гүліне қондыр»** дидактикалық	**1.Қауіпсіз мінез – құлық** **Тақырыбы:**Сезім мүшелері. **Мақсаты:** Сезім мүшелері туралы, олардың құрылысын, атқаратын қызметін, ағзадағы маңызын іс жүзінде көрсете отырып, түсінік беру. **Әдісі-тәсілдер:** түсіндіру,топтастыру, сұрақ–жауап, әңгіме леу,дидактикалық ойын. **көрнекілігі:**тақырыпқа сай суреттер **ҰОҚ өтілу барысы** **Шаттық шеңбері.** Қайырлы таң көздерім, сендер ояныңдар! Қайырлы таң құлақтарым, сендер ояныңдар ! Қайырлы таң қолдарым, сендер ояныңдар! Қайырлы таң аяғым, сендер ояныңдар! **ІІ.Қызығушылықты ояту. Жұмбақ**

	Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мнемо кестемен жұмыс Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілі. Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады? - Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады. Қыс мезгілінде қалай киінеміз? - Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз. Сөздік жұмыс жүргізу. **2 тапсырма.** **Құрлымдалған ойын: «Кім жылдам?»** Құрастыру, қысқы киімдер. **Сергіту сәті.** «Боран» **дауыс** Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар? Боранның. Боранды қимылмен көрсетеміз (қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гуілдейді.) Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып, аяқтарын топылдатады). -Ал,күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды). қайталау. **3 тапсырма. Ой қозғау**	белде құрсау, қолды бүгу; 3 - отырыңыз, құрсауды қойыңыз; 4 - түзу, бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет). 5. б.қ.: Аяқты алшақ отыру, құрсауда кеуде алдында бүгілген қолдарда. 1-2 - иілу, саусақтардың арасындағы еденнің жиегін ұстау; 3-4— бастапқы қалыпқа оралу (6-7 рет). 6. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікте қолдар, еденде құрсау. Құрсау бойымен оңға және солға секіреді (3-4 рет). **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** Ң дыбысы және әрпі **Мақсаты:** Құрамында ң, н дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуді үйрету. Ң дыбысы және әрпімен таныстыру. **І.Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық дайындық** Қайырлы таң, досым Қайырлы күн,болсын Жеті күннің әр кезі Сәттілікке толсын **ІІ.Қызығушылықты ояту.** Тиіннің қонаққа келуі Тиін бізге жаңғағымен бірге келіпті. Дұрыс жауап берген балаларға 1 жаңғақтан таратады екен. **Құрлымдалған ойын: «Жаңғақ жинау»**	4. б.қ.: Құрсаудағы басты тіреу, белдікке қол, құрсау еденге. 1 - отырыңыз, құрсауды бүйірден алу; 2 түзу, белде құрсау, қолды бүгу; 3 - отырыңыз, құрсауды қойыңыз; 4 - түзу, бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет). 5. б.қ.: Аяқты алшақ отыру, құрсауда кеуде алдында бүгілген қолдарда. 1-2 - иілу, саусақтардың арасындағы еденнің жиегін ұстау; 3-4— бастапқы қалыпқа оралу (6-7 рет). 6. б.қ.: Негізгі ұстаным, белдікте қолдар, еденде құрсау. Құрсау бойымен оңға және солға секіреді (3-4 рет). **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:** Кеңістікті бағдарлау. **Мақсаты:** Балаларды кеңістікті бағдарлауда «алға –артқа», «оңға - солға» бағыттарын пайдалана білуге үйрету. Заттардың өзіне қатысты орнала-суын сөзбен және санау арқылы жеткізе білуін дамыту. Баланың логикалық ойлау қабі-	ойыны. Ұшып жүрген көбелектердің қанатына бас әріптер жазылған. Ал, гүлдердің тостағаншасы-на кіші әріптер жазылған. Бас әріптерге сәйкес көбелектерді өз гүліне қондыр. Бұл тапсырманы дұрыс әрі ұқыпты етіп орындасақ ұшып жүрген көбелектер қатты қуанады. **ІІІ. Мағынаны тану.** **Жаңа ұоқ қызметі:** **Қызығушылықты ояту.** -Ұйқас өлеңді тыңдау Іс-іс-іс Аппақ екен тіс Іл-іл-іл Сөйле қызыл тіл -Ұйқас қандай дыбыстан болып тұр? -Бүгінгі тақырыбымыз Іі дыбысы мен әрпі. І дыбысының баспа түрі мен жазба түрін көрсету. «Іі дыбысы мен әрпі» - Олай болса, балалар, барлығымыз тақтаға қарап, электронды оқулықтан берілетін бейне сюжетке қарайық . **АКТ технологиясымен жұмыс** - Міне, балалар сендер І дыбысы туралы	**жасыру** 1) Көреді бәрін өзгенің, көре алмайды өздерін. (Көз) (Суреті көрсетіледі) — Көз не үшін керек? Көз адамның негізгі мүшесі. « Көз – адамның айнасы». Көзді шаршаудан және зақымданудан сақтау керек. 2) Күмбір, күмбір, қарағым, қартайғанша жарадың. (Құлақ) Құлақ есту мүшесі оның көмегімен адамдар дыбысты ажыратады,құстың әнін ,желдің үілін,күннің күркүреуін естиді. Бұл қандай мүше? Есту мүшесі. (Музыка қою). Көрмей-ақ, жануарларды бір-бірінен қалай ажыратып, анықтауға болады? Дауыстаған дыбыстарын есту арқылы. Есіңе сақта: а) Құлақты аса қатты дыбыстан, шудан қорғау; ә) Желден қорғау;

	Сұрақ- жауап. Қардың артынан тапсырма орындау. -Қоян қыста қандай түске енеді? -Неліктен? Аю қыста не істейді? -Неге? Түлкі мен қасқыр не істейді? Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қорғануға көмектеседі. Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады. Аю ұйық-тайды, ол бал жейді. Қу түлкі, тышқан, құс аулайды. **Қортынды** Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Қолымен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады **(Аяз)** Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбет. **(Мұз)** **Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, ұоқ аяқтау** **2.Жаратылыстану.** **Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар.** **Мақсаты:** Балаларға қыстап қалатын құстар	Жаңғақ сөзінде бізге таныс емес қай әріп бар? **Ң әріпі** **1-Тапсырма** Жаңғақ сөзіне дыбыстық талдау жасау **2-тапсырма** Тиіннің орманда өзімен бірге жүрген достары бар екен. Оларды бір сөзбен не деп айтамыз? Аңдар қайда өмір сүреді,оларды үй жануарлары қатарына жатқызуға бола ма? -Мына суреттерде орманда өмір сүретін жануарлар бар ма?(сиыр,қой,жылқы) -Жоқ. Ой дамыту. Жаңа ң дыбысы және әрпімен таныстыру. -Ендеше Аң сөзінде бізге таныс емес қандай дыбыс естіледі? -ң (қайталап айту). **3-Тапсырма** **Топтық жұмыс** **П/Ж ойын: «Сөз ойла тез ойла»** Сөздерге дыбыстық талдау жасау, текшемен жазу. **1-топ-** Қоңырау, жаңғақ, **2-топ-** ұшақ, қайың, **3-топ** арыстан,алма, **4-тапсырма Тіл ширату сәті: Жаңылтпаш айту** 1 Шұңғыл шұңқыр, Шұңқыр шұңғыл. 2Атты таң, Болма таң. Тиін барлық жаңғағын сыйға беру.	леттерін арттыру. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ** **І. Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»** Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз**.** **АҚТ технологиясымен жұмыс** **ІІ.Қызығушылықтарын ояту.** **Ғажайып сәт.** **Айболит ата қонақта.** Қыс мезгілі салқын болғандықтан аңдарды тексеруге Айболит дәрігер келді. **1.Ой дамыту** -- Айболитке аңдар не үшін келді?(емделу үшін) - Айболит бәріне жақындауды сұрайды. -Енді аурулардың саны қанша болды? **Санау.** - Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді. -Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді? Кезекке тұруға **Дид ойын: «Аңдарды кезекке тұрғызу».** Әр аңның артында жабыстырылған сан болу керек .	тамаша бір бейне сюжетке куә болдыңдар. – Сонымен балалар, І дыбысы қандай дыбыс екен? Балаларды топқа бөлу. **1-топ** **«Сәйкестендіру әдісі»** арқылы суретпен сызбаны сәйкестендір. -Қай сурет сызбаға сәйкес? Сол сөздерге сөйлем құра. **2-топ «Кір жаятын жіп»** әдісі арқылы суреттердің арасынан өткен дыбысқа байланысты суреттерді тауып, жіпке тізу **Текшемен жұмыс.** **1-топ** Ілгек **2-топ** Ілгіш **Ой толғаныс.** **«Сөз ойла, тез ойла.»** Сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыру. **IV. Қорытынды**. Сұрақ-жауап әдісімен: - Бүгін қандай дыбыспен таныстық? -І қандай дыбыс? -Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Балаларды мадақтау. **2.Көркем әдебиет**	б) Су кіргізіп алмау. Дұрыс тазалау. (Суреттерін) көрсету. Құлағын ауырса дәрігерге қаралу керек. 3) Денесі жұмсақ, сүйір, көп сөйлеуге үйір. (Тіл) Тілдің көмегімен біз тамақтын дәмін ажыратамыз,ыстық суық,тәтті,ащы. Сезім мүшелерінің қызметімен таныстыру. 4)**.**Екі шырақтың ортасында бір өзім. (Мұрын). (Суретін шығару). Саламандық жұмыс: (иіс су) шашырату, иісін сездіру. Мұрын – иіс сезу мүшесі. Адам әр түрлі иісті мұрынымен сезіп, ажыратады. Сонымен қатар мұрын «тыныс алу»қызметін атқарады. Мұрындарын қолмен басып, демалдыру, бірнеше минуттан соң дем тарылатынын байқату. **Ой қозғау.** Суреттерді

	жайында түсінік беру. Олардың тіршілігі туралы ұғымдарын бекіту. Балаларды құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін түсіндіру. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:** **Шаттық шеңбер** **Табиғат ана. Н. Жанаев** Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. **Қызығушылықты ояту** **Жұмбақ жасыру** **1.** Орманда жоғары, Ағашқа қонады, Тұмсығын балға етіп, Тоқ-тоқ соғады. **(Тоқылдақ)** **2**.Орнынан –орынға ауысқан, Ұшқалақ қара ала .....**Сауысқан.** **3**.Мәпелейтін,баптайтын, Биіктерге самғайтын. Бибітшілік құсы деп, Қай құсты айтып мақтайтын. **(көгершін)** **1. Ой дамыту** **Суретпен жұмыс** **Құстар туралы түсінік беру.** **А)** Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы)	Тиінмен қоштасу. **Қортынды** **Балаларды мадақтау.** **3.Жапсыру.** **Тақырыбы:** Қысқы ағаштар келбеті. **Мақсаты:**Қыс мезгілі, ондағы табиғат құбылыстары туралы әңгіме жүргізе отырып, ағаштар келбетіне назар аудару. Ағаш бұтақтарын ұқыпты қию арқылы , қағаз бетіне ағаш бейнесін жапсыруды үйрету. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:** **І. Шаттық шеңбері.** «Арайлап таң атты» **ІІ.Қызығушылық-ты ояту.** **Жұмбақ жасыру.** Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясында ән салып. Құстар жүрген сайрап, Салқын түссе-шешіліп, Қалады өзі жайрап. (ағаш) **1 .Ой қозғау** Қыс мезгілі және қысқы ағаштар келбеті туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. - Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? -Атау. -Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар? -Қазір ағаштар қандай? -Неліктен?	**1.Реттік санау.** -- Айболитке емделу үшін қанша аң келді? -Қоян бәрінен қорқып тұрғанда өз кезегін ұмытып қалған. Қане көмектесейік - Түлкі де баласын тербетуге кетіп, қайтып келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты. - Қасқыр ұялы телефонымен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді? -Керік бәрінен кеш келді ол нешінші екен? - Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санау. Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді. **2.Салыстыру**. Үлкен – кіші ұғымы. Дид ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр» -Мына үйлер қандай? -Үлкен үйдің нөмері неше және неше қабатты? - Демек үлкен үйде қандай аң тұрады? -Ортаңғы үйдің аңын тауып бер? -Кішкентай үйде не тұрады?	**Тақырыбы:** Сырғанақ **Мақсаты:**Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру. **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев** Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. **ІІ.Қызығушылықты ояту.** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** Қолымен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады **(Аяз)** Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбет. **(Мұз)** Аспаннан ақ ұлпа борады, Қырқаны сейсепке орады. **(Қар)** **1.Ой қозғау.** **Сұрақ –жауап.** -Қазір қандай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары	сәйкестендір Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге суреттер беремін.Сол суреттерді сәйкестендіреміз сонда сезім мүшелерінің суреттері шығады. 5.Қауіпсіздік ережесі: Көз: телевизордын алдында жақын отырмау керек; Құлақ:аязды күні жылы бас киім кию керек; қайшыны,қаламды көзінің алдына жақын апармау керек; Қатты заттар мен құлақ шұқуға болмайды; **П/Ж ойын: «Кім жылдам».** **Шарты :** сезім мүшелерін тез айту Қорытынды -Балалар, не туралы білдік? -Біз қандай сезім мүшелерімен таныстық? Балаларды мадақтау. **2.Мүсіндеу.** **Тақырыбы:** «Аққала» **Мақсаты:**Заттардың пішінін мүсіндеу

